



Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2020 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 413 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

p/c №	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
I. Мемлекетті басқарудың жаңа моделі				
1.	Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңесті құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Президент Әкімшілігі	2020 жылғы қазан
2.	Құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне н Статистика комитетін беруді көздей отырып, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігін құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Президент Әкімшілігі	2020 жылғы қыркүйек
	Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне, оның ішінде мемлекеттік			

3.	бағдарламала рдан ұлттық жобалар форматына көшуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, СЖРА	2020 жылғы желтоқсан
4.	Ұлттық жобалардың тізбесін айқындау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, СЖРА	2020 жылғы желтоқсан
5.	Қазақстан Республикасы ның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, оның ішінде: өңдеу өнеркәсібінде гі өндіріс көлемін 1,5 есеге ұлғайту; 24 мың км республикалы қ жолды реконструкци ялау және жол сервисімен камтамасыз ету; шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесін 35%-ға дейін және шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар санын 4 миллион адамға дейін ұлғайту; 6 жасқа дейінгі балалардың	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы		2020 жылғы қараша

	<p>мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 пайыз қамтылуын қамтамасыз ету;</p> <p>мемлекеттік медициналық ұйымдарды қажетті жабдықпен толық жаратандыру ;</p> <p>негізгі төсек қорын 50%-ға жаңарту және ескірген инфрақұрылымды ауыстыру; күтілетін өмір сүру ұзақтығын 75 жасқа дейін жеткізу көзделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу</p>		Үкімет, СЖРА	
6.	<p>Мемлекеттік қызметшілердің штат санының лимиттерін 2020 жылы - 10%-ға, 2021 жылы 15%-ға қысқарту</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы</p>	Үкімет, МҚІА	2020 жылғы қазан

7.	<p>Квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің штат санын 2020 жылы - 10%-ға, 2021 жылы 15%-ға қысқарту</p>	<p>Президент Әкімшілігіне ақпарат</p>	Үкімет	2020-2021 жылдар желтоқсан
	<p>2021 жылғы 1 шілдеден бастап</p>			

8.	мемлекеттік органдарда факторлы-балл шкаласы негізінде еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, МҚІА	2021 жылғы наурыз
9.	Жауапты хатшылардың міндеттерін министрліктер аппараттарының басшыларына жүктей отырып, жауапты хатшылар институтын жою	Қазақстан Республикасының Заңы	МҚІА, Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
10.	Құқықтық саясат тұжырымдамасы шеңберінде заңнаманы басқару шешімдерін қабылдаудың егжей-тегжейлі құқықтық регламенттелуі мен икемділігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету бөлігінде өзгертуге бағытталған ережелерді іске асыру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2020 жылғы қазан
11.	Квазимемлекеттік секторды реформалау бойынша, оның ішінде квазимемлекеттік компаниялардың корпоративтік басқарылуын жақсарту мәселелері бойынша ұсыныстарды тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, СЖРА	2020 жылғы желтоқсан
II. Жаңа жағдайдағы экономикалық даму				
12.	"Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік саясат туралы" заңды әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан

13.	<p>Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі заң жобасы шеңберінде 2020 жылдың соңына дейін жаңа қолдау құралын - стратегиялық инвестициялық келісімді енгізу, онда мемлекеттік қолдау ұсынудың топтамалық тетігі, оған қоса: заттай гранттар, жеңілдікті қаржыландыру, ішінара кепілдік беру, экспорттық қолдаудың толыққанды тетіктерін беру; инвесторлардың күрделі шығындарының бір бөлігін салықтық міндеттемелеріне қарсы есепке жатқызу жолымен өтеу; мемлекеттік, квазимемлекеттік секторлар және жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан кепілдікті сатып алу ; жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне заңнамалық шарттардың тұрақтылығы және т.б. көзделеді</p>	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, АХҚО (келісім бойынша)	(2020 жылғы желтоқсан)
-----	---	--------------------------------	--------------------------------	------------------------

14.	<p>2021 жылғы сәуірге дейін стратегиялық инвестициялық келісімдер жасасу қажет болатын жобалар пулын қалыптастыру</p>	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, АХҚО (келісім бойынша)	(2021 жылғы наурыз)

15.	Отандық өңдеу өндірістерін шикізатпен толық жүктеуді қамтамасыз ететін реттеуші тетіктерді әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, "Атамекен" ҮКП (келісім бойынша)	2020 жылғы қараша
16.	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне квазимемлекеттік сектордың сатып алуын реттейтін заң жобасын енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, "Атамекен" ҮКП (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан
17.	Өткізілетін сатып алулардың тиімділігіне автоматтандырылған талдау жүргізу, сондай-ақ кәсіпкерлердің қажетті ақпаратқа және тікелей сатып алуға қатысуға қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін реттелетін сатып алудың барлық қолданыстағы платформасын Сатып алудың бірыңғай терезесі арқылы интеграциялау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім	" 2020 жылғы желтоқсан
8.	Реттелетін сатып алуларда қазақстандық қамтуды ұлғайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, "Атамекен" ҮКП (келісім бойынша)	2020 жылғы қараша
19.	Аграрлық секторға инвестициялар тарту қажеттігін ескере отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді толыққанды экономикалық айналымға тарту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, АХҚО (келісім бойынша)	2021 жылғы сәуір

	бойынша халықаралық тәжірибені талдау және ұсыныстарды тұжырымдау			
20.	А у ы л шаруашылығы жерлерін суару кезінде судың ысырап болуын төмендету және оны тиімді пайдалану мақсатында су пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық реттеуді жаңарту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
21.	А у ы л шаруашылығына қазіргі заманғы технологиялар мен инновацияларды енгізу үшін экономикалық ынталандыруларды әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы қаңтар
22.	2026 жылға дейін агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша, оның ішінде: ірі инвестициялық жобалардың айналасында ауыл шаруашылығы шикізатын, оның ішінде етті, жемістерді, көкөністерді, қантты, дәнді, майлы дақылдарды, сүт өнімдерін өндіру және қайта өндеу бойынша кемінде 7 экожүйе қалыптастыру; ауылдағы кооперацияны ынталандыру жөніндегі шаралар топтамасы; саладағы кәсіби кадрлардың		Үкімет	2021 жылғы шілде

	тапшылығы проблемасын шешу мақсатында ауыл шаруашылығында адами капиталды қалыптастыру; аграрлық ғылымның даму деңгейін арттыру; ішкі нарықты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қанықтыру; 1 млн ауыл тұрғынының кірісін тұрақты арттыру; еңбек өнімділігін 2,5 есеге арттыру; агроөнеркәсіптік кешеннің қайта өңделген өнімінің экспортын 2 есеге ұлғайту көзделетін жаңа ұлттық жобаны әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		
23.	Ж а ң а инфрақұрылымдық жобалар, сервис деңгейін және транзиттік маршруттардың жылдамдығын арттыру есебінен Қазақстанның көлік-транзит секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), " ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ (келісім бойынша), АХҚО (келісім бойынша)	2021 жылғы наурыз, тамыз
24.	Төтенше жағдай р е ж и м і жарияланған кезден бастап 12 айлық кезеңге экономиканың зардап шеккен секторларындағы шағын және орта бизнестің барлық қолданыстағы кредиті бойынша жылдық 6%-ға	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, КҚРДА, " Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	

	дейінгі пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау			2020 жылғы желтоқсан
25.	Барынша зардап шеккен секторлардағы шағын және орта бизнес үшін айналым қаражатын толықтырудың арнаулы бағдарламасының қамтуын кеңейтіп, қосымша 200 млрд теңге бөле отырып (бағдарламаның жалпы көлемін 800 млрд теңгеге дейін жеткізіп), оның қолданысын 2021 жылдың соңына дейін ұзарту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ, Үкімет, ҚНРДА	2020 жылғы қазан
26.	2020 жылдың соңына дейін мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың меншігіндегі жылжымайтын мүлік объектілері бойынша шағын және орта бизнес субъектілері үшін жалдау төлемдерін тоқтата тұру және есепке жазбау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы қазан
27.	Экономиканың барынша зардап шеккен салаларындағы шағын және орта бизнес субъектілері үшін 2020 жылдың соңына дейін еңбекке ақы төлеу қорынан бюджеттен тыс қорларға барлық аударымды тоқтату	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2020 жылғы қазан
	Шағын және орта бизнес қызметінің			

28.	<p>реттеушілік саясатты өзгертуге, оның ішінде: дұрыс ой пен мазмұн қатаң заңдық қалыптардан басым болуға тиіс - болмыстың қалыптан басым болуы; азаматтардың денсаулығы мен экологияны қорғау мақсатында мемлекеттік реттеудің болуы қағидаттарын бекіту жолымен өзгертуге бағытталған жаңа нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу</p>	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан
29.	<p>2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа барынша шалдыққан салаларда, оның ішінде сәулет-құрылыс қызметінде, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауда, ветеринарияда, сертификаттау мен басқа да салаларда мыналар: шағын және орта бизнес қызметінің жаңа нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу; барлық реттегіш құралға (бизнеске қойылатын талаптар, есептілік, рұқсат беру қысқарттары) басы артықтығы және азаматтардың денсаулығы мен экологияны қорғау қағидатына</p>	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	

	<p>сәйкестігі тұрғысынан ревизия жүргізу;</p> <p>2022 жылдан бастап барлық ескі нормативтік құжаттың күшін жоя отырып, реттеуші "гильотинаны" енгізу ;</p> <p>азаматтардың денсаулығы мен экологияны қорғау қағидаттарына сай келмейтін жаңа реттегіш құралдардың қабылданбауы, оның ішінде реттеушілік әсерді талдау институтын жетілдіру арқылы қабылданбауы қамтылатын "таза парақтан бастап" реттеуді енгізу</p>			2021 жылғы шілде, желтоқсан
30.	<p>Сыртқы нарықтарға шығуды кеңейту мақсатында шикізаттық емес орташа кәсіпорындарды қолдауға бағытталған экспорттық акселерация бағдарламасын іске асыру</p>	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
31.	<p>Экспорттаушыларды (шикізаттық) валюталық түсімді сатуға ынталандыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау</p>	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ҰБ	2020 жылғы қазан
32.	<p>Екінші деңгейдегі банктердің артық өтімділігін шағын және орта бизнесті кредиттеуге қайта бағдарлау және валюталық</p>	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҚНРДА, ҰБ, мүдделі мемлекеттік органдар	

	алыпсатарлықты тоқтату жөнінде шаралар қабылдау			2021 жылғы қаңтар, шілде
33.	Тұтынушылық кредиттеудегі тәуекелдерді ауыздықтау, кредиттік ұйымдардың (микроқаржы ұйымдары, ломбардтар және басқа да қаржы мекемелері) жауапкершілігін арттыру, кредиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді саралау және төмендету бойынша қосымша реттеушілік шараларды қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҚНРДА, ҰБ,	2021 жылғы қаңтар
34.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетін құру	Қазақстан Республикасының Заңы	ҰБ	2021 жылғы қаңтар
35.	Мынадай: Салық кодексі мен заңға тәуелді актілерге салықтар мен төлемдердің санын барынша азайту тұрғысынан ревизия жасау; экономиканы әртараптандыру және бюджетті толықтыру үшін салық мөлшерлемелерін саралау мәселесін зерделеу бойынша жұмыс жүргізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы сәуір
	Экономиканың жекелеген секторларында жұмыс істейтін, пандемиядан зардап шеккен шағын және			

36.	орта бизнес субъектілеріне өзге төлемдердің орнына айналымнан бөлшек сауда салығын төлеу құқығын беру	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан
37.	Мыналар: салықтық міндеттемелердің орындалуын, оның ішінде цифрландыру арқылы түбегейлі оңайлату; капиталдың елден шығарылуын бақылауды күшейту және пайданы елге қайта инвестициялауға ынталандыру үшін халықаралық салық салуды жетілдіру; трансферттік баға белгілеуді және капиталдың елден шығарылуын бақылау шараларын күшейту бойынша шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ҚНРДА	2020 жылғы желтоқсан, 2020 жылғы шілде
38.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Экономикалық тергеу қызметінің жұмысын көлеңкелі" экономикаға қарсы күреске қайта бағдарлау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы маусым
39.	Көлеңкелі экономика саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы, оларды анықтау және оларға қарсы іс-қимыл жасау үшін Қаржыминінің, ҰБ-ның, ҚНРДА-ның, ПМ-нің, ӘдМиннің, ДСМ-ның, ҰҚК	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ҰБ, ҚНРДА, ҰҚК ШҚ	

	Ш Қ - ны ң ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы			2021 жылғы желтоқсан
40.	Бюджеттен тыс қорлардың, оның ішінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін қамти отырып, "кеңейтілген бюджетті" енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы сәуір
41.	Бюджеттік жоспарлаудың мыналар: ұлттық басымдықтарға қол жеткізуді қамтамасыз ету және мемлекеттік жоспарлау жүйесіне бағындыру; ұқыптылық пен жауаптылық қағидаттары; басым бағыттар мен жобаларды басым түрде қаржыландыру; жетекшілік ететін салалар бойынша міндеттерді жедел іске асыру үшін мемлекеттік органдарға елеулі бюджеттік дербестік беру; шешуші бюджеттік коэффициенттер мен қағидалардың түбегейлі тізбесін белгілеу көзделетін жаңа жүйесін енгізу бойынша ұсыныстарды тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ЕК	2021 жылғы наурыз

42.	Қазақстан Республикасы Парламентінің бейінді комитеттері арқылы қаржыландырудың жеке тәртібін енгізіп, кадрлық жағынан нығайтып, сондай-ақ мемлекеттік аудиторлардың мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың барлық ақпараттық ресурсына қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің функционалын күшейту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ЕК, Үкімет	2020 жылғы қазан
43.	Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігін құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Президент Әкімшілігі	2020 жылғы қыркүйек
44.	Жекелеген экономикалық функцияларды іске асыруға және қызметтерді монополиялық көрсетуге уәкілеттік берілген мемлекеттік және жеке ше операторлардың қызметіне талдау жүргізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БҚДА, Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы қаңтар
	Жекелеген экономикалық функцияларды іске асыруға және қызметтерді монополиялы			

45.	қ көрсетуге уәкілеттік берілген мемлекеттік және жеке шене операторлардың қызметін мемлекеттік реттеудің заңнамалық тетігін қалыптастыру, ол, оның ішінде құрудың түбегейлі негіздерін, қызметті жүзеге асыру, қоғамға есеп беруін қамтамасыз ету тәртібін айқындауды көздейді	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	БҚДА, мүдделі мемлекеттік органдар, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	" 2021 жылғы маусым
46.	Тауар биржалары қызметінің реттелуін жетілдіру бойынша, оның ішінде биржалық брокерлер мен тауарларды берушілер үшін сауда-саттыққа тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге, ең жоғары лоттарды белгілеуге және міндетті тізбеге енгізілген тауарлар үшін мәмілелердің тиіп-жөнелтумен, ақы төлеумен қамтамасыз етілуіне бағытталған шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, БҚЦА	2021 жылғы сәуір
47.	Биржалық тауарлардың (бензин, дизель отыны, битум, авиациялық керосин, ұн) тізбесін кеңейту және бидайдың биржалық сауда-саттығының көлемін ұлғайту	СИМ бұйрығы	СИМ, БҚДА, мүдделі мемлекеттік органдар	2020 жылғы желтоқсан
	Электр энергиясының			

48.	орталықтандырылған сауда-саттығының көлемін ұлғайту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	БҚДА, ЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2021 жылғы маусым
49.	Сұйытылған мұнай газы сауда-саттығының көлемін кезең-кезеңмен ұлғайту	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
50.	Негізінен әлеуметтік объектілердің, сондай-ақ мемлекеттің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және елдің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етуге арналған объектілердің, оның ішінде мемлекеттік меншікте сақталуын қамтамасыз ететін жаңа жекешелендіру жоспарын қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), АХҚО (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан
51.	Квазимемлекеттік сектордағы пайдасыз шығындарды және басы артық еншілес компанияларды қысқарту	Президент Әкімшілігіне ұсыныс	Үкімет, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2020 жылғы қараша
52.	Портфельді компанияларды екі есе қысқартып және штат санын тиісінше түзете отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ мен "Қазагро" ҰБХ" АҚ-ны біріктіру жолымен бірыңғай даму институтын құру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет	2021 жылғы наурыз
53.	Тікелей және портфельді инвестицияларды тарту үшін "Астана" халықаралық қаржы		АХҚО (келісім бойынша), СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына"	2020 жылғы желтоқсан

	орталығының әлеуетін пайдалану	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша)	
III. Теңгерімді аумақтық даму				
54.	<p>Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейін Стратегиялық даму жоспары шеңберінде елді аумақтық-кеңістікте дамыту бойынша мыналар: түрлі өңірлердің бәсекелестік артықшылықтары; оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлердің өнеркәсіптік әлеуетін ашу; ірі металлургиялық кәсіпорындар жұмыс істейтін өңірлерді (бірінші кезекте, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары) жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін өндірістер мен техникалық көрсетілетін қызметтердің орталықтары ретінде дамытудың жаңа пайымын әзірлеу;</p> <p>батыс өңірлерді мұнай-химия кешендерін салуға, жоғары бөліністі мұнай-химияны және газды қайта өндеуді дамытуға инвестицияларды тарту орталықтары ретінде қалыптастыру;</p>	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент	2020 жылғы қараша

	қала құраушы кәсіпорындармен бірге моноқалаларды дамыту көзделетін жаңа тәсілдерді айқындау		қалаларының және облыстардың әкімдері	
55.	Қазақстандық тауарларды ілгерілету және инвестицияларды тарту үшін шекара маңындағы өңірлер бойынша Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын кеңейту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СІМ, сим, иидм, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, АХҚО (келісім бойынша)	2021 жылғы шілде
IV. Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты - басты басымдық				
56.	2023 жылға дейін әлеуметтік төлемдерді индекстеуге 1,2 трлн теңге бөлу	"Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
57.	Әлеуметтік кодекстің (Әлеуметтік қамсыздандыру кодексі) тұжырымдамасын әзірлеу	заң жобасының тұжырымдамасы	Үкімет	2021 жылғы сәуір
58.	Әлеуметтік төлемдерді: азаматтың цифрлық "әлеуметтік әмиянын" енгізу; тиісті тауар өткізуші жүйені құру арқылы цифрландыру бойынша шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ҰБ	2020 жылғы қараша
	Халықтың өз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалана алуы үшін: болашақта алушы 82 жасқа толғанға дейін айына ең			

59.

төмен жалақы мөлшерінде индекстелетін зейнетақы (базалық зейнетақыны қоса алғанда) алуға мүмкіндік беретін салымшының ағымдағы жасына, аударымдардың болжамды тұрақтылығына және зейнетақы жинақтарының табыстылығына қарай "ең төмен жеткіліктілік шегін" айқындау; элеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайлардың өзгеруіне сәйкес "ең төмен жеткіліктілік шегін" жыл сайын қайта қарау; зейнетақы жинақтарының мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету тетігін айқындау; зейнетақы жинақтарын ерлі-зайыптылардың және жақын туыстардың бірлесіп мақсатты пайдалану мүмкіндігі; зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану есебінен жақын туыстарынан тұрғын үй сатып алуға, сондай-ақ сатып алынған тұрғын үйді кемінде 5 жыл ішінде сатуға шектеулер енгізу ескеріле отырып,

Қазақстан
Республикасының
Заңы

Үкімет

	2020 жылдың соңына дейін барлық қажетті нормативтік құқықтық актіні қабылдау және ұйымдастыру-дайындық жұмыстарын жүргізу			2020 жылғы желтоқсан
60.	2021 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан азаматтарына өз зейнетақы жинақтарының жеткілікті шектен артық бөлігін пайдалану мүмкіндігін беру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "БЖЗҚ" АҚ (келісім бойынша), "ТҮҚЖБ" АҚ (келісім бойынша)	2021 жылғы ақпан
61.	Тұрғын үй мәселелерін шешу, оның ішінде: 5 - 10 - 20 бағдарламасы бойынша тиімді әлеуметтік қолдау көрсету; "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің" базасында құрылатын "Отбасы банк" арқылы өңірлерде жалға берілетін тұрғын үй салуға (кемінде 100 мың отбасын қамтуды қамтамасыз ете отырып) көзделген қаражаттың бір бөлігін қайта бағдарлай отырып, жалдау ақысын субсидиялау тетіктерін енгізу; ауылда жалға берілетін үйлер салу кезінде жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "ТҮҚЖБ" АҚ (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан

	арқылы шешу бойынша шаралар қабылдау			
62.	Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы коммуникациямен қамтамасыз ету бойынша жұмысты жандандыру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2020 жылғы қараша
63.	2021 жылдан бастап экстрокорпоралды ұрықтандыруға (ЭКҰ) 7000 квота бере отырып, "Аңсаған сәби" арнаулы бағдарламасын іске қосу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
64.	Кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар үшін қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде ұстауды, тағайындалған мерзімді кешірім жасау және мерзімінен бұрын босату құқығынсыз өтеуді қоса алғанда, жазаны қатаңдату	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, БП, ЖС	2020 жылғы желтоқсан
65.	Әлеуметтік және құқық қорғау органдары тарапынан болған әрекетсіздік немесе салғырттық үшін қатаң жазалау шараларын қабылдай отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БП, Үкімет, ЖС	

	кылмыс туралы әрбір іске прокуратура органдарының ерекше қадағалау жасау тетігін енгізу			2020 жылғы желтоқсан
V. Қолжетімді әрі сапалы білім				
66.	Толыққанды оқу процесіне қажетті барлық функциялардың жиынтығы бар бірыңғай интеграцияланған білім беру онлайн-платформасын камтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
67.	Ғылыми негізделген тәсілдерді қолдана отырып, күндізгі оқытудың дәстүрлі нысанына қайта көшу тәртібін әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы қазан
68.	Келесі үш жыл ішінде осы мақсаттарға қосымша 1,2 трлн теңге бөле отырып, 2021 жылғы қаңтардан бастап педагог қызметкерлердің жалақысын 25%-ға арттыру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
69.	Тұрғылықты жеріне және оқыту тіліне қарамастан, сапалы білім алу үшін балаларға тең мүмкіндіктер жасау бойынша жүйелі шараларды әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
	Ата-аналардың таңдауы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар мен мектеп ұйымдарының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу үшін			

70.	қаржыландырудың ваучерлік тетігін енгізуді қоса алғанда, балабақшалар құрылысына жеке бизнесті тарту үшін жаңа қолдау нысандарын тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2020 жылғы қараша
71.	Қала мен ауыл арасында білім беру саласындағы алшақтықты еңсеру үшін жалпы білім беретін мектептерді қолдау шараларын тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы қаңтар
72.	Азаматтардың сауаттылық деңгейін, олардың цифрлық құзыреттерін арттыруға, бейресми білім берудің балама нұсқаларын белсенді түрде енгізуге, өз бетінше оқу нәтижелерін тануға, кәсіби дағдыларды сертификаттауға және т.б. бағытталған Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Үкімет	2021 жылғы ақпан
73.	Мектептерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі барлық білім беру деңгейінде "Кәсіпкерлік негіздері" пәнін оқыту арқылы кәсіпкерлік дағдыларын дамыту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Атамекен" ҰҚП (келісім бойынша)	2021 жылғы наурыз
	Кәсіби спорт клубтарын ұстауға жіберілетін қаржы қаражатын халықты, ең алдымен		Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және	

74.	балаларды дене шынықтырумен және бұқаралық спортпен айналысуға тартуға қайта бағдарлау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	облыстардың әкімдері, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан
75.	Барлық облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада, ірі аудан орталықтарында спорт секцияларын ашу және "балалар үйірмелерінің" қызметін қалпына келтіру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2021 жылғы шілде
76.	Әкімдердің жұмысын бағалау өлшемшарттарына халықты бұқаралық спортпен айналысуға тартуды қамтамасыз ету, сондай-ақ балаларды тегін спорттық және білім беру секцияларымен қамту мәселесін енгізу	Президент Әкімшілігі Басшысының бұйрығы	Президент Әкімшілігі	2020 жылғы желтоқсан
77.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиімсіз жоғары оқу орындарын жабу процесін бақылауды күшейтуі	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
78.	Әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өту үшін ғалымдарға 500 грант бөлу, сондай-ақ "Жас ғалым" жобасы бойынша жас ғалымдарға 1000 грант беру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Назарбаев Университеті" ДБҰ (келісім бойынша)	2021 жылғы маусым

--	--	--	--	--

79.	Жер қойнауын пайдаланушылар ғылым мен технологияларды қолдау мен дамытуды қаржыландыруға жіберетін аударымдардың орталықтандырылуын, ашықтығының арттырылуын, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіруге жұмсалатын шығындардың 1 %-ы мөлшеріндегі қаражаттың жалпыұлттық ғылыми басымдықтарды негізге ала отырып бөлінуін қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы сәуір
80.	Өңірлік университеттердің ғылыми қызметі бөлігінде оларды ірі бизнес тарапынан "қамқорлыққа" алу мәселесін пысықтау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы ақпан
81.	Елдің ғылыми-технологиялық дамуы бойынша ғылымды ұлттық деңгейдегі қолданбалы проблемаларды шешуге тартуға бағытталған бағдарламалық құжатты әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет	2021 жылғы сәуір
VI. Денсаулық сақтау жүйесін дамыту				
	Денсаулық сақтау ұйымдарының COVID-19-ға қарсы күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізуге тартылған			

82.	қызметкерлеріне ағымдағы жылдың екінші жартысында ынталандыру үстемеақыларын төлеуге 150млрд теңге бөлу	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, "ӘМСҚ" КеАҚ (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан
83.	2023 жылға қарай медицина қызметкерлері жалақысының экономикадағы орташа жалақыдан 2 есе жоғары деңгейін қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	жыл сайын, 2021-2023 жылдар желтоқсан
84.	Қазақстанда өндірілуге тиіс базалық дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындау және осы мақсатқа жету бойынша тиісті шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы қараша, 2021 жылғы сәуір
85.	2020 жылдың соңына дейін ел өңірлерінде жаңа 12 жұқпалы аурулар ауруханасын салу және 1 жұқпалы аурулар ауруханасын реконструкциялау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2021 жылғы қаңтар
86.	2025 жылға дейін заманауи 20 ірі аурухана салу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2021 жылғы желтоқсан, 2025 жылғы желтоқсан
87.	Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы ғылыми-инновациялық көпбейінді 2 клиника салуды қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Самұрық-Қазына" ҮӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	жыл сайын, 2021-2023 жылдар желтоқсан
	Алғашқы медициналық көмекті			

88.	ұйымдастыру тәсілдерін жоғары ұтқырлық және халықтың қалың көпшілігіне, оның ішінде ауылдық жерде тұратындарға қолжетімді болуы жағына қарай түбегейлі қайта қарау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2021 жылғы ақпан
89.	Шалғайдағы өңірлерге қызмет көрсету үшін көліктік медицинаны күшейту жөнінде шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, облыстардың әкімдері	2021 жылғы шілде
90.	Барлық тірек және серіктес елді мекендерді 3 жыл ішінде фельдшерлік-акушерлік пункттермен және дәрігерлік амбулаториялармен қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	жыл сайын, 2021-2023 жылдар желтоқсан
91.	Медицина мекемелерін кадрмен, оның ішінде эпидемиология, инфекциялық аурулар, реаниматология, пульмонология, кардиология сияқты бағыттар бойынша қамтамасыз етудің ұзақ мерзімді онжылдық болжамын қалыптастыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
VII. Экология және биологиялық әртүрлілікті қорғау				
92.	Жаңа Экологиялық кодексті қабылдау	Қазақстан Республикасының Кодексі	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
	Бес жыл ішінде орман қорында 2 млрд-тан астам және елді			

93.	мекендерде 15 млн-нан астам ағаш отырғызуды қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	жыл сайын, 2021-2025 жылдар желтоқсан
94.	Қ ұ қ ы қ бұзушыларды қылмыстық және әкімшілік қудалауды күшейте отырып, Қазақстанның ұлттық саябақтары мен басқа да табиғи байлықтарын қорғау бойынша заңнамалық және нормативтік шараларды тұжырымдау	Президент Әкімшілігін ұсыныстар	Үкімет, БП, ЖС	2020 жылғы желтоқсан
95.	Мектептер мен жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбие беруді күшейту бойынша практикалық шараларды ізжырымдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы наурыз
96.	Қоғамда экологиялық құндылықтарды орнықтыруға үндейтін "Birge – taza Qazagstan" экологиялық акциясын жүйелі негізде өткізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы мамыр
97.	Ел ішіндегі экологиялық туризм мәдениетін дамыту бойынша шараларды тұжырымдау және қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы наурыз
98.	"Жасыл өсім" және ұлттық экономиканы терең карбонсыздандыру жөніндегі шараларды енгізе отырып, Қазақстанның төмен көміртекті	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы		2021 жылғы маусым

	дамуының 2050 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу және бекіту		Үкімет	
99.	Жануарларды қорғауға бағытталған заңды азаматтық сектормен бірлесіп әзірлеу және қабылдау	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2021 жылғы маусым
VIII. Азаматтардың мүдделерін қорғаудағы әділ мемлекет				
100.	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жанындағы Құқық қорғау және сот жүйелерінің реформасы жөніндегі комиссияны құру, оған тиісті іс-шараларды пысықтауды және реформаның іске асырылу барысының мониторингін жүктеу	Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі	Президент Әкімшілігі	2020 жылғы қазан
101.	Құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктерді және жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу (құқық қорғау органы қылмыстарды анықтап, оған қатысы бар адамдарды табуы, айғақтарды жинауы және бекітуі тиіс; жиналған дәлелдемелерге	Құқық қорғау және сот жүйелерінің реформасы	БП, ЖС, ҰҚК, СЖҚА, ІІМ,	

	прокурор тәуелсіз баға беруге, азаматтардың құқықтарын бұзудың жолын кесуге, кінәсіз азаматтарды қылмыстық процеске тартуға жол бермеуге, сотта айыптауды қолдауға міндетті; сот органдардың әрекеттеріне берілген шағымдарды қарайды және іс бойынша түпкілікті үкім шығарады)	жөніндегі комиссияның шешімі	Қаржымині, МКҚ, ҚМ	2020 жылғы желтоқсан
102.	2021 жылдан бастап прокурордың міндетіне қылмыстық істер бойынша адамның құқығы мен бостандығын қозғайтын негізгі процестік шешімдерді келісуді бекіту	Қазақстан Республикасының Заңы	БП	2020 жылғы желтоқсан
103.	Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БП	2020 жылғы желтоқсан
104.	"Әкімшілік" және "қылмыстық" құқық бұзушылықтардың жаңа ұғымдарын тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БП	2020 жылғы қараша
105.	Жергілікті полиция қызметіне "жұртқа жақын полиция" қағидаты бойынша реформа жүргізу, онда учаскелік инспекторға басты рөл беріледі	Құқық қорғау және сот жүйелерінің реформасы жөніндегі комиссияның шешімі	Үкімет	2020 жылғы қараша
106.	Учаскелік инспекторға тиімді жұмыс істеуге қажетті өкілеттіктер бере отырып, оның		Үкімет	2021 жылғы маусым

	мәртебесін заңнамалық тұрғыдан көтеру	Қазақстан Республикасының Заңы		
107.	Пенитенциарлық мекемелерде және полицияның қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының барлық жедел-тергеу бөлімшелерінде жаппай бейнебақылау енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БП, СЖҚА	2021 жылғы мамыр
108.	Ішкі істер министрлігінің құрылымын бейінді емес функциялардан арылту	Құқық қорғау және сот жүйелерінің реформасы жөніндегі комиссияның шешімі	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
109.	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігін құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Үкімет	2020 жылғы қыркүйек
110.	Прокуратура қадағалауын азаматтар мен бизнес жүгінетін проблемаларды тиімді шешуге қайта бағдарлау	Құқық қорғау және сот жүйелерінің реформасы жөніндегі комиссияның шешімі	БП	2020 жылғы 1 желтоқсан
111.	Бизнесті салықтық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылыққа тартудың қолданыстағы шегін қайта қарау	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, БП, "Атамекен" ҰҚП (келісім бойынша)	2021 жылғы маусым
112.	Бизнесті қылмыстық қудалау органдарының шамадан тыс араласуынан қорғау мақсатында тіркелген кәсіпкерлерге қатысты тергеу	Құқық қорғау және сот жүйелерінің реформасы жөніндегі	БП, ЖС, СЖҚА, Қаржымині, ПМ, "	2020 жылғы желтоқсан

	әрекеттерін соттың немесе прокурордың санкциясымен ғана жүзеге асыру мүмкіндігін қарау	комиссияның шешімі	Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	
113.	Сот процестерінде адвокат пен прокурор құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БП, ЖС	2020 жылғы желтоқсан
114.	Мыналар бойынша шаралар қабылдау: сот төрелігін іске асыруға жаңа кәсіби кадрларды, оның ішінде салық салу, жер қойнауын пайдалану, зияткерлік меншік, корпоративтік құқық саласындағы мамандарды тарту жұмысын жандандыру; сіңірген еңбегі мен жетістіктері туралы ақпаратты қоғамға жеткізе отырып, судьяларды іріктеуді БАҚ-та жазып-көрсету жұмысын күшейту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ЖСК, ЖС ЖСК, АҚДМ	2021 жылғы қаңтар, шілде
115.	Дауларды шешудің баламалы тәсілдерін дамыту, медиация саласында айқын мемлекеттік саясатты тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БП, ЖС	2020 жылғы желтоқсан
116.	Сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордағы нормативтік актілер мен жұмыс процестеріне талдау жүргізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СЖҚА, Үкімет, " Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы шілде

117.	Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың ашықтығы мен қоғам алдында есеп беруін арттыруға бағытталған "Қоғамдық бақылау туралы" заңды әзірлеу	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, СЖҚА	2021 жылғы маусым
118.	Қоғамдық кеңестер туралы заңнамаға оларды квазимемлекеттік секторда құру жөніндегі нормаларды енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
119.	Жұртшылықтың кеңінен қол жеткізе алуы үшін ашық болатын ақпараттың тізбесін және оны жаңарту кезенділігін айқындай отырып, квазимемлекеттік құрылымдардың қаржы-шаруашылық қызметі, бюджет қаражатын пайдалануы туралы ақпараттың және басқа да өзекті деректердің бірыңғай ақпараттық ресурстар орналастырылуын қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	жарты жылдық негізде 2021 жылдың соңына дейін
120.	Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
	2021 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілер, Парламент			

121.	депутаттары, судьялар үшін шетелдік банктерде шоттарды иелену, қолма-қол ақша қаражаты мен құндылықтарды сақтау бөлігінде заңнамалық шектеулер енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	СЖҚА, МҚІА, БП, Қаржымині	2020 жылғы желтоқсан
122.	Қазақстан Республикасының заңнамасына: сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жол берген адамдарға қатысты квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салуды енгізу; қос азаматтығы бар мемлекеттік қызметшілерді немесе квазимемлекеттік ұйымдардың басшыларын жұмыстан шығару көзделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, МҚІА, БП, СЖҚА	2020 жылғы желтоқсан
123.	Мемлекеттік қызметшілердің немесе квазимемлекеттік ұйымдар басшыларының қос азаматтығының болуын тексеру және осы фактілер анықталған жағдайда оларды жұмыстан шығару жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, МҚІА, ҰҚК	2021 жылғы маусым
	Қылмыстық кодекске құқық қорғау органдары			

124.	қызметкерлерінің, судьялардың, пара берушілердің және пара берудегі делдалдардың сыбайлас жемқорлық үшін жазаларын қатаңдату бөлігінде өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	СЖҚА, БП, ІІМ, ЖС, ҰҚК	2021 жылғы сәуір
125.	Сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жол берген адамдарға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін жою	Қазақстан Республикасының Заңы	СЖҚА, БП, ЖС	2020 жылғы желтоқсан
126.	Сыбайлас жемқорлықпен әшкереленген адамдардың мемлекеттік қызметке немесе квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салатын талаптың сақталуына талдау жүргізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СЖҚА, БП, МҚІА	2021 жылғы маусым
127.	Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесін заңнамалық деңгейде қалыптастыру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	СЖҚА, ЖС, БП, ҰҚК, ІІМ	2021 жылғы маусым
128.	Адам құқықтарын қорғау жөнінде жаңа шаралар қабылдау, оған мыналар қосылады: азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау бойынша заңнамалық шаралар қабылдау; Хабарлар рәсіміне қатысты Баланың құқықтары туралы	Президент Әкімшілігіне ақпарат		2021 жылғы ақпан

	конвенцияға факультативтік хаттамаға қосылу		Үкімет, БП, ЖС	
129.	Азаптауларға қарсы күрес жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіру, оны Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерге қарсы конвенцияның ережелеріне сәйкес келтіру	Президент Өкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БП, АҚҰО	2020 жылғы қараша
130.	Құқық қорғау органдарының адам саудасына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дегінгі тергеп-тексеру практикасын жетілдіруі	Президент Өкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БП, ЖС	2020 жылғы желтоқсан
IX. Цифрландыру - барлық реформаның негізгі элементі				
131.	Цифрлық теңсіздікті жою, оның ішінде: әлеуметтік жағынан осал отбасылардың балаларын компьютерлік техникамен; 250 адамнан астам халқы бар әрбір ауылдың сапалы байланыс пен Интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету есебінен жою	Президент Өкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2021 жылғы қаңтар
132.	Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындауға және төлеуге байланысты процестерді толық цифрлау	Президент Өкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БП, "Қазпошта" АҚ (келісім бойынша)	2021 жылғы шілде

133.	Ақпаратты цифрлық (автоматты) растау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, барынша талап етілетін анықтамалар мен қағаздағы растамаларды жыл соңына дейін жою	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, МҚІА	2021 жылғы қаңтар
134.	Жеке куәліктерді, дипломдар мен құқықтарды электрондық түрде беру жөніндегі процестерді цифрландыру және мемлекеттік органдардың жұмысына енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
135.	Халықтың электрондық сервистермен өзара іс-қимылын оңайлату және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер деңгейінде де, жеке секторда да биометрияны қолдану бойынша практикалық шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
136.	Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың, квазимемлекеттік сектордың барлық ақпараттық базаларын интеграциялай отырып, дерекқордың бірыңғай жүйесін (тұтас архитектурасын) қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2020-2021 жылдар желтоқсан
	Әрбір сала бойынша цифрлық технологиялық			

137.	платформаларды қалыптастыру мақсатында өнеркәсіп пен IT-сала арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық бойынша жаңа шараларды тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2020 жылғы желтоқсан
138.	Бес жыл ішінде IT-саласына инвестициялар көлемін 500 млрд теңгеге дейін жеткізе отырып, әлемдік технологиялық компанияларды тарту бойынша жұмысты жандандыру	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, АХҚО (келісім бойынша)	2020 жылғы желтоқсан
Х. Азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуы				
139.	Қазақстан Республикасының заңнамасына ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлауын өткізуге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2021 жылғы мамыр
140.	Өкілеттіктері 2021 жылы аяқталатын ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлауын 2021 жылы өткізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, облыстардың әкімдері	2021 жылғы желтоқсан
	Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу, онда: мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді бөлу; жергілікті мемлекеттік басқару			

141.

және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілеттіктерінің аражігін кезең-кезеңмен ажырату;
жергілікті бюджеттерді бекіту процесіне бақылауды күшейту, оның ішінде инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларға бағытталған қоғамдық маңызы бар шығыстар бөлігінде онлайн-сұрау жүргізуді қолдануды қоса алғанда, қоғамдық сараптамадан өту тетіктері арқылы күшейту;
ауылдық округтердің мүліктік құқықтарын кеңейту және кірістерін ұлғайту арқылы жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық мүмкіндіктерін күшейту, бұл "халық қатысатын бюджеттерді" дамытудың келесі кезеңі болуы тиіс;
орталық - өңір қарым-қатынасы ғана емес, қаражаттың өңір ішінде бөлінуі де ескерілетін, өңірлерді бюджеттік қаржыландыру моделін айқындау;
жергілікті өзін-өзі басқару органдарының,

Тұжырымдаманың жобасы

Үкімет, ЕК,
Нұр-Сұлтан,
Алматы, Шымкент

2021 жылғы ақпан

	жиындар мен жиналыстардың мәртебесін көтеру, жергілікті жердегі өзекті проблемаларға қатысты олардың пікірін аудандық мәслихаттар нақты шешімдер қабылдау үшін ескеруі тиіс; тексеру комиссияларын күшейту		қалаларының және облыстардың әкімдері	
142.	Барлық деңгейдегі мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде:	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент	2020 жылғы желтоқсан

1	2	3	4	5
	мәслихаттарға өңірді дамыту немесе жергілікті проблемалар бойынша қол жинау және петиция жасау функциясын беру; мәслихаттар отырыстарын міндетті онлайн-трансляциялауды енгізу арқылы тиімділігін арттыру		қалаларының және облыстардың әкімдері	
143.	Мүліктің меншік иелері бірлестіктерінің (ММБ) институтын енгізу жөніндегі реформаны іске асыруды қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2021 жылғы наурыз
144.	Азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастамашылық жасауы үшін онлайн-петициялардың бірыңғай заңды	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, БП, СЖРА, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы маусым

	институтын құру мақсатында нормативтік құқықтық базаны әзірлеу			
145.	Азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастамашылық жасауы үшін бірыңғай онлайн-платформаны құру жөніндегі техникалық мәселелерді шешу	онлайн-платформа	Үкімет, БП, СЖРА, мүдделі мемлекеттік органдар, Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы қыркүйек

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МҚИА	-	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
БҚДА	-	Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
"БЖЗҚ АҚ	-	"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы
"ТҮҚЖБ" АҚ	-	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы
"ҚТЖ" ҰК" АҚ	-	"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ	-	"ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ	-	"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
"ҚазАгро" ҰБХ АҚ	-	"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
"Қазпошта" АҚ	-	"Қазпошта" акционерлік қоғамы
"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	-	"Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
"Назарбаев Университеті" ДБҰ	-	"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы
СЖҚА	-	Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
ҚНРДА	-	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

СЖРА	-	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
ЖС	-	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
ЖСК	-	Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі
БП	-	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
ҰҚК	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІІМ	-	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ДСМ	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
СІМ	-	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ИИДМ	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
АҚДМ	-	Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
ҰЭМ	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ҚМ	-	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
СИМ	-	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
Қаржымині	-	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
АХҚО	-	"Астана" халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі" акционерлік қоғамы
ЭМ	-	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ӘдМ	-	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
"ӘМСҚ" КеАҚ	-	"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
ҰБ	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
"Атамекен" ҰКП	-	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

АҚҰО	-	"Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық" мемлекеттік мекемесі
ҰҚК ШҚ	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі
МКҚ	-	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі
ЕК	-	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК